

Жасөспірімдер арасындағы суицид: себептері, салдары және оны болдырмау жолдары

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.05.2025

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/178889/>

Смағұл Айгерім

Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к қауымдастырылған профессор **Тулекова Гулжан Хажмуратовна**

Аңдатпа:

Бұл мақалада жасөспірімдер арасындағы суицид меселесі талқыланады. Сонау кезеңден бастап жасөспірім кезеңі терең психологиялық және эмоциялық өсу кезеңі болып табылады. Мақалада суицидтің серептері, сол жағдайлардың салдары және алдын алу жолдары қарастырылған.

Аннотация:

В данной статье рассматривается проблема суицида среди подростков. Подростковый возраст — это период эмоциональной нестабильности, психологического давления и поиска своего «я». Описаны причины, последствия и профилактические меры, направленные на предотвращение подросткового суицида.

Abstract:

This article explores the issue of suicide among adolescents. Adolescence is a critical phase marked by emotional instability and identity search. The article highlights the causes, consequences, and prevention strategies related to teenage suicide.

Кіріспе

Қазіргі заман — ақпаратқа толы, жылдам өзгеретін дәуір. Жасөспірімдер үшін бұл кезең үлкен мүмкіндіктерге толы болғанымен, сол мүмкіндіктермен бірге үлкен қысым мен жауапкершілікті қатар ала келеді. Жасөспірімдер балалық пен ересектік арасындағы өткел кезеңде тіршіліктің мағынасын табуға тырысып, жиі күйзеліске ұшарайды. Соңғы жылдары Қазақстанда жасөспірімдер арасындағы суицид деңгейі айтарлықтай өскені көрінеді. Бұл мәселе — жай статистика емес, ол шын мағынасында әр отбасының, тұтас қоғамның ортақ қасіреті.

Суицид дегеніміз не?

Суицид — адамның саналы түрде өз өмірін қиу әрекеті. Бұл қадам көбінесе терең күйзелістің, үмітсіздіктің, өзін тусінбеген қоғаммен байланысының үзілуінен туындайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, жыл сайын 700 мыңға жуық адам өз өмірін қиады, соның ішінде айтарлықтай үлесін жасөспірімдер құрайды.

Суицидтің себептері

- Психологиялық күйзеліс және жалғыздық
- Көптеген жасөспірім өз қиналысын жасырып, шын эмоциясын айтуға ұялады. Бұл күй күйреуге әкеліп, өмір сүру мағынасыз көрінуі мүмкін.
- Отбасындағы түсініспеушілік
- Үнемі ұрыс, конфликт, ата-ананың қолдауының жоқтығы — баланы мен маңызды емеспін деген ойларға итермелейді.
- Мектептегі қысым және буллинг
- Буллинг (мазақ ету, қысым көрсету), әсіресе кибербуллинг, қазіргі заманда жасөспірімнің өзін-өзі бағалауына кері әсер етеді.
- Болашаққа сенімсіздік
- Кейбір жасөспірімдер өз орнын таппай, «өмір мағданы не?» деген сұрақтарға жауап таппай, күйзеліске ұшарайды.
- Психикалық денсаулық мәселелері
- Депрессия, мазасыздық, анақозу фткен тәуекелді әрекеттерге әкелуі мүмкін. Көптеген оқушылар көмек сұрай алмай, жалғыз күйде қалады.

Суицидтің салдары

Жасөспірімнің өз өмірін қиуы — тек бір жанның үзілуі емес, оның отбасына, достарына, оқу ортасына және тұтас қоғамға зор психологиялық соққы беретін ор қасірет. Ата-аналар өзін кінәлі сезінеді, құрдастары қайғы мен түсініксіздікке тап болады. Мұғалімдер мен мектеп ұжымы ұзақ уақыт терең күйге түседі.

Суицидтің алдын алу жолдары

- Ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас
- Баламен ашық сөйлесу, оның ойын тыңдау, жан дүниесін түсіну — ең нәтижелі жолдардың бірі. Сүйіспеншілік пен қолдау — басты құрал.
- Мектептегі психологиялық қолдау
- Кәсіби психологтар мектептерде жұмыс істеп, оқушылармен тұрақты жұмыс істеуі керек. Тренингтер, жеке кеңестер — қажет.
- Сенім телефондары мен көмек орталықтары

- Анонимді көмек көрсететін қызметтерді жасөспірімдерге жеңіл жеткізу қажет. Бұл — ұят емес, батылдық.
- Қоғамдық қолдау және қамқор орта құру
- Қоғам жасөспірімдерге түсіністікпен қарап, оларға өз орнын сезінуге мүмкіндік беруі тиіс.

Қорытынды

Жасөспірімдер арасындағы суицид — қоғам үшін үнсіз қасірет. Әр бір жас — болашақтың иесі. Сондан қоғам болашағын сақтаймын десе, жасөспірімнің жан дүниесін түсінуі, көмек беруі — міндет. Ұстаздар, ата-аналар, достар — барлығы бірге бала жан дүниесіне жақындық танытса, көптеген қайғылы жағдайдың алдын алуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) — *Suicide Worldwide Report, 2021*
2. ҚазҰУ әлеуметтану және психология кафедрасының материалдары
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. *Суицидтің алдын алу стратегиясы*
4. Әбілқайырова Н.Ж. «Жасөспірімдердің психологиялық портреті» — Алматы, 2020
5. www.mentalhealth.org.uk — *Mental Health and Youth Suicide*

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.